



ЖАНАСПАЛЫ ЛИНЗАЛАРЫ  
**ACUVUE®**  
ӘЛЕМГЕ ЖАҢАША ҚАРА

КҮНДІЗ ЖӘНЕ ҰЗАҚ ТАҒУҒА  
АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛЫ ТҮРДЕ  
ЖИІ АУЫСТЫРЫЛАТЫН  
ЖАНАСПАЛЫ ЛИНЗАЛАР

**ПАЦИЕНТТЕРГЕ  
АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ**

Нұсқаулық 1-кестеде айтылған ACUVUE® маркалы жанаспалы линзаларға арналған. Төменде баяндалғандардың барлығы, өзгесі арнайы ескертілмесе, линзаларға қатысты болады.

1-кесте	Тағы мақсаты және режимі			
	Күндіз тағы жиі ауыстыру	Узартылған тагу	Материал	Қаптамалары ерітінді
Линзалардың типі және сауда атауы				
Сфералық реңк берілген УК-сүзгілі ACUVUE® жанаспалы линзалары				
ACUVUE® 2	●	●	этафилкон А	1
ACUVUE OASYS® with HYDRACLEAR® PLUS	3	●	сенофилкон А	2
ACUVUE® OASYS with Transitions™	3 4	●	сенофилкон А	2
Астигматизмді түзетуге арналған реңк берілген УК-сүзгілі ACUVUE® жанаспалы линзалары				
ACUVUE® OASYS® for ASTIGMATISM with HYDRACLEAR® PLUS	3	●	сенофилкон А	2

## Ерітінді нұсқалары:

- 1 Буферлік бораттық физиологиялық ерітінді.
- 2 Метилцеллюлозалы буферлік бораттық физиологиялық ерітінді.

## Материал құрамы

- 3 Линзалар құрамында силикон бар және олар 1 санатты УК-сүзгімен жабырқталған және УК-В сәулелердің (280–315 нм) 1% және УК-А сәулелердің (316–380 нм) 10% кем шамасын өткізеді. Барлық ACUVUE® линзаларының басқалары 2 санатты УК-сүзгіден тұрады және УК-В сәулелерді 5% және УК-А сәулелерді 50% кем шамада өткізеді.

- 4 Линзалардың материалы құрамында 380 нм-ден 780 нм-ге дейінгі диапазонда көрінетін жарықты линзаның қалыңдығына және сіңірілген ультракүлгін және жоғары ажыратымдылықтағы энергия деңгейіне байланысты белсенділігі жойылған (жабық) күйде 84% ең аз өткізу коэффициентіне дейін және белсендірілген (ашық) күйде 23% ең аз өткізу коэффициентіне дейін динамикалық түрде сіңіретін фотохромды\* қоспа бар.

\*1 Фотохром дегеніміз қажеті қарқындылықтағы жарықтың белгілі бір типтерінің әсерінен реңін немесе түсін қайтысыз өзгерту. Белсендіруші жарық болмаған кезде түсі бастапқы қалпына келеді

## ACUVUE® жанаспалы линзасының заттаңбаларында немесе қаптамаларында мынандай белгілер кездесуі мүмкін

Символ	Анықтама
	Абай болыңыз! Қолдану жөніндегі нұсқаулыққа жүгініңіз
	Дайындаушы
	Дайындалған күні
	Көрсетілген мерзімге дейін қолдану керек (жарамдылық мерзімі)
	Партиясының нөмірі
	Бүмен немесе құрғақ жылумен зарарсыздандыру
<b>DIA</b>	Жалпы диаметрі
	Қаптамасы зақымдалған болса, пайдаланбаңыз
<b>BC</b>	Базальық қисықтық (артқы орталық оптикалық радиус)
<b>D</b>	Диоптрия (оптикалық күш/артқы биікті рефракция)
<b>CYL</b>	Цилиндр күші
<b>AXIS</b>	Өс
	Қорабы зақымдалған болса, пайдаланбаңыз
<b>1-MONTH</b>	Айына 1 рет ауыстырыңыз
	Еуропа қоғамдастығындағы уәкілетті өкіл
<b>MAX ADD</b>	Максималды аддидация
<b>LOW / L</b>	Әлсіз аддидация

Символ	Анықтама
<b>MID / M</b>	Орташа аддидация
<b>HGH / H</b>	Жоғары аддидация
<b>CE 2797</b>	Сертификаттау жүйесіне сәйкестік белгісі
	УК-сүзгі
	Қалдықтарды қадеге жарату төленген
	ЕСКЕРТУ: АҚШ Федералдық заңнама-сына сәйкес, бұл өнімді сату сертификат-талған медициналық мамандарға ғана рұқсат етілген.
	Линзаның дұрыс жатысы
	Линзаның қате жатысы (линза айналып кеткен)
	Қағаз қораптарды және қаптама материалдарды сәйкестендіру белгісі
	Композициялық материалдарға арналған сәйкестендіру белгісі
	Тікелей күн сәулесінен алыс сақтаңыз

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	5
Тағайындалымы .....	5
Тағу режимі.....	7
Қарсы көрсетілімдер .....	8
Ескерту: жанаспалы линзаларды тағу туралы нені білу қажет .....	9
Жағымсыз реакциялар .....	10
Түйткілдерді анықтау және не істеу керек .....	11
Гигиена сақтау және қолды өңдеу .....	12
Линза салынған қаптама мен блистерді ашу .....	13
Линзаны қолдану.....	14
Линзаны көзге кию .....	15
Линзаны центрлеу .....	16
Линза жабысып қалғанда (егер линза қозғалыссыз қалса) не істеу керек .....	17
Линза кезіп қалған кезде не істеу керек (дегидратация) .....	17
Линзаны шешіп алу .....	17
Линзаларды күту жөніндегі нұсқаулар .....	18
Линзаларға арналған контейнерді күту .....	20
Жанаспалы линзалар қоры түгесілгенде не істеу керек .....	21
«Монокөру» түзетуінен өткен пациенттерге арналған нұсқаулықтар .....	21
Басқа да маңызды ақпарат/сақтық шаралары .....	22
Қорытынды.....	24
Жағымсыз реакциялар жайлы ақпараттандыру .....	26
Сізге арналған рецепт .....	26

## КІРІСПЕ

Басқа да жанаспалы линзалар сияқты, ACUVUE® медициналық мақ- саттағы бұйымдар болып табылады. Көру қабілетін түзетуші маманға тұрақты барып тұру және көруді тексеру денсаулығыңыз бен көз көруін ұзақ уақыт сақтау үшін маңызды.

**Көздеріңіздің денсаулығы үшін** линзаларды көру қабілетін түзетуші маманның ұсыныстарына қатаң сәйкестікте тағу маңызды. Ол Сізге жанаспалы **линзаларды тағумен байланысты барлық қауіптерді** айтып береді және жанаспалы линзаларды қолдану мен күтім жасау бойынша, сонымен қатар қаптаманы қалай қауіпсіз әрі жеңіл ашу керектігі жөнінде нұсқаулар береді. Сізге линзалардың қалай тағылатынын және қалай шешілетінін де үйретеді. Бұл брошюра осы нұсқауларды нығайтады.

**Барлық сұрақтарыңыз бойынша әрдайым көру қабілетін түзетуші маманға жүгініңіз.**

## ТАҒАЙЫНДАЛЫМЫ

**Сфералық ACUVUE® жанаспалы линзасы** көздің созылмалы ауруларына шалдықпаған, <1,00 D шамасында астигматизм болуы мүмкін пациенттерде рефракциялық аметропияны (жақыннан көргіштік және алыстан көргіштік) оптикалық түзету мақсатында күндіз тағу үшін арналған.

ACUVUE® OASYS with Transitions™ жанаспалы линзалары – фотохромды жанаспалы линзалар да жарқын жарықтың көзге әсерін жоюға арналған, өйткені олардың құрамында спектрдің көрінетін аймағында жарықты динамикалық түрде сіңіретін фотохром бар.

ACUVUE 2® және ACUVUE OASYS® with HYDRACLEAR® PLUS жанаспалы линзалары да күндіз немесе ұзақ тағуға арналған.

**Астигматизмді түзетуге арналған ACUVUE® жанаспалы линзалары** көздің созылмалы ауруларына шалдықпаған пациенттерде рефракциялық аметропияны (жақыннан көргіштік және алыстан көргіштік) оптикалық түзету мақсатында күндіз тағу үшін арналған.

ACUVUE OASYS® for ASTIGMATISM with HYDRACLEAR® PLUS жанаспалы линзалары да күндіз немесе ұзақ тағуға арналған.

ACUVUE OASYS® жанаспалы линзалары сонымен қатар төменде айтылған көздің ауыр және созылмалы ауруларын терапевтік ем-деуге арналған бандаждық линзалар есебінде де тағайындалуы мүмкін.

Қосымша ақпарат алу үшін көру қабілетін түзетуші маманға жүгініңіз. Көру қабілетін түзетуші маманның алдын ала тексеруіңіз кез келген жағдайда жанаспалы линзаларды және басқа да көзге арналған дәрі-дәрмектік препараттарды қолданумен өзіңізді емдеумен ешқашан айналыспаңыз.

### ЕСКЕРТУ

Барлық ACUVUE® жанаспалы линзалары мөлдір қабықты және көздің ішкі құрылымдарын зиянды УК-сәуле кіруінен қорғауды қамтама сыз етуге көмектесетін УК-сүзгімен жабдықталған. УК-сүзгісі бар жанаспалы линзалар УК-сәуледен көзді қорғауға арналған арнайы құралдарды (күннен қорғайтын көзілдіріктер және т.б.) алмастырмайды, себебі көзді және көз айнала- сындағы аумақты тұтас жаппайды.

Сіз көру қабілетін түзетуші маман ұсынған УК-сәулелерді көзді қорғайтын құралдарды пайдалана беруге тиіссіз.

### ЕСКЕРТПЕ

УК-сәуленің ұзақ уақыт бойы әсер етуі шел дамуы қаупі факторларының бірі болып табылады. Мұндай әсер ету климат ерекшеліктері (теңіз деңгейінен биіктік, география, бұлт басуы) және жеке факторларға (ашық ауа астында орындалатын әрекеттер ұзақтығы мен сипаты) сияқты бірқатар факторларға байланысты болады. УК-сүзгісі бар жанаспалы линзалар көзді зиянды УК-сәу- ленің әсерінен қорғауға көмектеседі. Басқа бір қырынан алып қарағанда, УК-сүзгісі бар жанаспалы линзаларды тағу кезінде УК-сәулелер әсерінен туындаған шел дамуы немесе басқа көз аурулары қаупінің төмендеуін дәлелдеген клиникалық зерттеулер жүргізілген жоқ. Толық ақпарат алу үшін көру қабілетін түзетуші маманға жүгініңіз.

## ТАҒУ РЕЖИМИ

Көру қабілетін түзетуші маман көзді тексеру деректері негізінде және жалпы денсаулық жағдайын ескере отырып жанаспалы линзалар ды тағудың сізге сай келетін режимін таңдайды.

### Күндізгі тағу – жиі ауыстыру

Күндіз тағуға арналған ACUVUE® жанаспалы линзалары күндіз тағуға арналған (сергектік жағдайында көп дегенде 24 сағат), екі аптада бір рет тастап, жаңасына ауыстырып отыру қажет.

Күндіз тағуға арналған және жиі ауыстырылатын барлық ACUVUE® жанаспалы линзаларын шешіп алғаннан кейін үнемі химиялық дезинфекциялаушы жүйені қолдану арқылы тазалап, жуып және дезинфекциялап отыру қажет.

### Ұзақ тағу

Ұзақ тағуға (ұйқы уақытын қоса алғанда 24 сағаттан аса) арналған ACUVUE® жанаспалы линзалары, **1-кестеде** көр- сетілгендей, 7 күн/6 түн қатарынан қолданылуы мүмкін, ал уақыт аяқталған соң лақтырып жіберу керек.

Көру қабілетін түзетуші маман осы тағу түрін пайдаланғанға дейін, сіз үшін ұзақ тағудың мүмкіндігін айқындайды. Мұндай тағу режимінде линзаны тазалау және дезинфекциялау қажет болмайды.

Алдымен жанаспалы линзаны күндізгі режимде тағып бастау ұсынылады. Сәтті болған жағдайда, көру қабілетін түзетуші маман айқындағандай, біртіндеп ұзақ тағуға көшуге болады.

Егер линзаны шешіп алсаңыз, оны ұйықтар алдында кимеу ұсынылады

## ҚАРСЫ КӨРСЕТІЛІМДЕР

Төменде келтірілген жағдайлардың бірі бар болса, ACUVUE® жанаспалы линзаларын пайдаланбаңыз:

- Көздің қабынуы немесе індет жұқтыруы.
- Бұрын диагностикаланған көздің кез келген ауруы, мөлдір қабық, көздің шырықты қабығы немесе қабаққа қатысты жарақаттар немесе аномалиялар.
- Жанаспалы линзаларды тағуда жайсыздық тудыратын кез келген алдын ала диагностикаланған жағдайлар.
- Көздің айқын көрінген құрғақтығы.
- Мөлдір қабық сезімталдығының төмендеуі (мөлдір қабық гипостезиясы).
- Көзге қатысы болуы мүмкін немесе жанаспалы линза киюді қиындатуы мүмкін кез келген жүйелік аурулар.
- Жанаспалы линза тағу немесе линзаны күтуге арналған ерітіндіні пайдалану салдарынан туындаған немесе күшейіп кеткен көздің немесе жақын жатқан тіндердің аллергиялық аурулары.
- Жанаспалы линзаны күтіп ұстау үшін қолданылатын ерітіндінің құрамына кіруі мүмкін сынап немесе тимеросап сияқты кез келген құрамдастарға аллергиялық реакциялар.
- Мөлдір қабықтың кез келген ауыр жұқпалы аурулары (бактериялық, зеңді, протозойлық немесе вирустық).
- Егер көз қызарып кетсе және тітіркенсе.

Жоғарыда айтылғандардан болуы мүмкін көздің белгілі бір жағдайында емдеу әсеріне қол жеткізу үшін, терапевтік қолдану үшін көру қабілетін түзетуші маман ACUVUE® OASYS with HYDRACLEAR® PLUS жанаспалы линзасын тағайындауы мүмкін.

## Ескерту: жанаспалы линзалар тағу туралы нені білу қажет

Жанаспалы линзаларды дұрыс қолдануға қатысты көру қабілетін түзетуші маманның ұсыныстарын қатаң сақтау маңызға ие. Жанаспалы линзаларды тағумен байланысты мына тұстар жайлы ескерткіміз келеді:

- Жанаспалы линзалармен немесе оларды күтуге арналған өнімдермен түйтікідер көздің ауыр жарақатына алып келуі мүмкін. Сақтауға арналған контейнерді қоса алғанда, жанаспалы линзаны және линзаны күтуге арналған құралды дұрыс пайдалану осы өнімді қауіпсіз қолданудың негізгі шарты бо- лып табылатынын есте сақтауыңыз керек<sup>1</sup>.
- Мөлдір қабық жарасын қоса алғанда, көздің аурулары жылдам күшейіп, көздің көрмей қалуына алып келуі мүмкін.
- Зерттеулер ұзақ тағылатын жанаспалы линзаларды қолдану кезінде, күндіз тағатын жанаспалы линзаларды қолдануға қарағанда, жаралық кератиттің даму қаупінің жоғары болатынын көрсетіп отыр.
- Күндіз тағатын линзаларды пайдаланушылар линзаларын түнде алып тастамаған кезде (өндіруші ұсыныстарына қара- мастан) жаралық кератиттің даму қаупі линза тағып ұй- ықтамайтындарға қарағанда жоғары<sup>2</sup>.
- Мөлдір қабық жарасын қоса алғанда, көз аурулары дамуының жалпы тәуекелін линзаларды және линзаға арналған контейнерді күту жөніндегі нұсқауларды қатаң сақтай отырып төмендетуге болады.
- Зерттеулер шылым шегетін пациенттерде мөлдір қабық жарасын қоса алғанда, көз ауруларының даму қаупі шылым шекпейтіндерге қарағанда жоғары екенін көрсетті.
- Егер көздегі жағымсыз сезімді, жастың көптеп ағуын, көрудің өзгеруін, көздің қызаруы немесе басқа да түйтікідерді байқасаңыз, тез арада жанаспалы линзаларды алып тастап, бұл туралы көру қабілетін түзетуші маманға хабарлауға тиіссіз.

1. New England Journal of Medicine, 1989 жылғы 21 қыркүйек, 321 (12), 773-783 бет.

- Сонымен қатар көру қабілетін түзетуші маманның қабылдауына жоспарлы тәртіпте бару ұсынылады.
- Жүзу, спорттың судағы түрлерімен айналысу кезінде, ван-нада жанаспалы линзаларды қолданбаған дұрыс, себебі бұл микробтар түсіп кетуінің салдарынан көздің ауыр жұқпалы-рының даму қаупін арттырады және көздің көрмей қалуы да мүмкін. Егер линзалар суға түсіп кетсе, оны тастап, жаңа жұпқа ауыстыру керек.
- Сумен байланысы бар кез келген жағдайда жанаспалы линзаларды пайдалануға қатысты көру қабілетін түзетуші маманмен кеңесіңіз.
- Линза контейнеріндегі ескі ерітіндіні қайта пайдаланбаңыз және оны жаңа ерітіндімен толықтырмаңыз, өйткені ерітіндіні қайта пайдалану дезинфекцияның тиімділігін төмендетеді және ауыр инфекцияға, көру қабілетінің жоғалуына немесе көрмей қалуға әкелуі мүмкін.
- Жарамдылық мерзімі өткен ерітіндіні пайдаланбаңыз, жанаспалы линзаларыңызды дезинфекциялау және сақтау үшін пайдаланылатын көп функциялы ерітінді құйылған құтыдағы нұсқауларды қараңыз.
- Ашылған құтыны пайдалану мерзімі құтыны алғаш рет ашқаннан кейін сіз жанаспалы линзаларды күтуге арналған құралды қауіпсіз пайдалануға болатын кезеңді білдіреді. Бұл күн жарамдылық мерзімінің аяқталу күнімен бірдей емес, ол ерітінді құтыны ашуға болатын соңғы мерзім болып табылады. Пайдалану мерзімі аяқталған күннен кейін көп функциялы ерітіндіні пайдалану ерітіндінің ластануына және көру қабілетінің жоғалуы немесе мүлде көрмей қалу қаупімен көздің ауыр инфекциясының дамуына әкелуі мүмкін.
- Ластануды болдырмау үшін, саусақтарыңызбен құтының ұшына немесе басқа беттерге тиіменіз. Қолданғаннан кейін құтыны қақпақпен жабыңыз. Ерітіндіні басқа құтыларға немесе ыдыстарға құймаңыз.

- Линзаларды дезинфекциялау немесе сақтау үшін ешқашан су, тұзды немесе ылғалдандыратын тамшыларды пайдаланбаңыз. Бұл ерітінділер линзаларды зарарсыздандырмайды. Ұсынылған дезинфекциялық затты пайдаланбау көру қабілетінің жоғалуына немесе мүлде көрмей қалуға әкелуі мүмкін.

## ЖАҒЫМСЫЗ РЕАКЦИЯЛАР

Жанаспалы линзаларды тағу кезінде мынадай түйткілдер туындауы мүмкін екенін есіңізде сақтаңыз.

- Көз ашуы, қышуы және шаншу.
- Линзаны алғаш рет таққанға қарағанда жайлылық сезімінің төмендеуі.
- Көзде бөгде зат тұрғанын сезіну.
- Мөлдір қабықтың шеткері инфильтраттары, шеткері жарасы мен мөлдір қабық эрозиясы сияқты көз көруінің уақытша бұзылуы орын алуы мүмкін. Сонымен қатар басқа да физиологиялық өзгерістер болуы мүмкін: мөлдір қабықтың жергілікті немесе жаппай ісінуі, мөлдір қабықтың неоваскуляризациялануы және боялуы, жұқпа, тарзалдық шырышты қабық өзгеруі, ирит немесе конъюнктивит. Олардың кейбіреуі болмашы көрініс бергенде клиникалық тұрғыдан жол берілерлік деп есептеледі.
- Көз жасының көп ағуы, без секрециясының өзгеруі немесе көздің қызаруы мүмкін.
- Линза тағу режимінің бұзылуы немесе ұзақ уақыт бойы тағып жүру жағдайында көрудің төмендеуі, көз алдының бұлдырауы, түрлі-түсті шеңберлер, объектілер айналасындағы гало-әсер, жарыққа сезімталдық (фотофобия) немесе көздің құрғауы бай-қалуы мүмкін.

ACUVUE OASYS® with HYDRACLEAR® PLUS линзаларын терапевтік қолдану кезінде жағымсыз әсерлер перикардиальды аурудан немесе жарақаттан туындауы мүмкін, сонымен қатар жанаспалы линзаларды тағу салдарынан туындауы мүмкін.

Белгілі бір аурумен анықталған көзді терапевтік емдеу үшін жұмсақ жанаспалы линзаларды пайдалану кезінде бар аурудың асқынуы немесе жағдайының нашарлау ықтималдығы бар. Линзаларды кию кезінде аурудың симптомдарын күшейсе, көру қабілетін түзетуші маманға дереу хабарласу керек, бұл көздің ауыр зақымдалуын болдырмайды.

Жоғарыда аталған симптомдардың кез келгені жұқпа, мөлдір қабық жарасы, неоваскуляризация немесе ирит сияқты көздің ауыр ауруларының белгісі болуы мүмкін. Бұл жағдайда Түйткілді анықтау және көздің ауыр ауруларына жеткізбей емдеу үшін дереу маманға жүгіну қажет.

## Түйткілдерді анықтау және не істеу керек

Кем дегенде күніне бір рет қарапайым өзіндік тексерісті жүргізуге тиіссіз. Өзіңізге мынадай сұрақтарды қойыңыз

1. Линза таққанда өзімді қалай сезінемін?
2. Көзім қалай көрініп тұр?
3. Бұрынғыша жақсы көремін бе?

Егер осы сұрақтардың біріне жауап ретінде түйткіл тапсаңыз, **ЛИНЗАЛАРДЫ ДЕРЕУ ШЕШІП АЛУ КЕРЕК.** Егер линзаны алып тастағаннан кейін жайсыздық сезімі жойылса немесе түйткіл шешілсе, линзада зақымдану белгілері байқалмаса, линзаны жұмсақ жанаспалы линзаларға күтім жасау үшін ұсынылған ертіпінде тазалап, шайып, линзаны қайтадан киіңіз. Егер мәселе шешілмесе, линзаны лақтырып, жаңасына ауыстырыңыз.

Егер осыдан кейін түйткіл қайтадан пайда болса, онда сіз линзаны шешіп алып, көру қабілетін түзетуші маманға жүгініңіз.

**СИМПТОМДАР – ЖАҒЫМСЫЗДЫҚТЫҢ БЕЛГІЛЕРІ ЕКЕНІН ЕСІҢІЗДЕ САҚТАҢЫЗ. КҮМӘНДАНҒАН ЖАҒДАЙДА ЛИНЗАНЫ ШЕШІП АЛЫҢЫЗ.**

## ГИГИЕНА САҚТАУ ЖӘНЕ ҚОЛДЫ ӨҢДЕУ

### Линза киюге даярлық

Тазалық линзаны дұрыс күтудің басты және ең маңызды шарт бо- лып табылады.


Жанаспалы линзаны қолданудың гигиеналық дағдыларын жақсы игеруге тиіссіз.

- Жұқпа ықтималын азайту үшін, жанаспалы линзаларды қолға алмастан бұрын қолыңызды үнемі жұмсақ сабынмен жылы сумен жуып, жақсылап шайыңыз және теріде мата талшықтарын қалдырмайтын сүлгімен сүртіңіз.
- Линзаны ұстардың алдында косметикалық құралдарды, құрамында крем бар сабынды, лосьондар мен кремдерді қолданбаңыз. Линзаны макияж жасағанға дейін киген дұрыс.
- Шашқа арналған лак және басқа аэрозольдарды қолдану кезін- де көзіңізді жұмыңыз.
- Осы брошюрада келтірілген нұсқаулықтарды және линзаны қолдану, кию, алып тастау, тазалау және жанаспалы линзаңыз- ды пайдалануға қатысты көру абілетін түзетуші маманның ұсыныстарын қатаң қолданыңыз.
- Линзаны ешқашан офтальмолог ұсынғаннан немесе рецептіде көрсетілген мерзімнен ұзақ қолданбаңыз.

## ЛИНЗА САЛЫНҒАН ҚАПТАМАНЫ ЖӘНЕ БЛИСТЕРДІ АШУ

Картон қаптаманы ашу үшін, алдыңғы жағындағы тілшікті тауып, жоғарыға тартыңыз да, қаптаманы ашыңыз.

Зарарсыздықты қамтамасыз ету үшін әрбір линза жеке блистерде сақталады. Қаптаманы жабу үшін, тілшікті өз орнына қойыңыз.

Блистердің ашық тұрғанын немесе зақымдалғанын, не болмаса  символының жанында көрсетілген жарамдылық мерзімі өтіп кеткенін байқасаңыз, линзаны **ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.**

Линзалар салынған қаптаманы берілген линзалардың параметрлерін (мысалы, диаметрін (DIA), базалық қисықтығын (BC), оптикалық күшін (D) және т.б.) сіздің рецептіңізге сәйкестігін әрдайым тексеріп тұрыңыз. Сәйкессіздік байқалса, линзаларды ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.

Линза салынған блистерді ашу үшін, мына қарапайым нұсқауларды қолданыңыз:

1. Алдымен блистерлер жолағынан бір блистерді бөліп алыңыз. Қалған блистерлерді кездейсоқ зақымдап алмаңыз.
2. Блистерді сілкіп, линзаның ерітіндіде еркін жүзіп жүргеніне көз жеткізіңіз.
3. Жұқалтырды блистерден ажыратып алыңыз. Линза кейде жұқалтырдың іш жағына немесе қаптаманың өзіне жабысып қалуы мүмкін. Бұл линзаның зарарсыздығына әсер етпейді, оны таза қауіпсіз қолдануға болады.
4. Қолыңыздың ұшымен, тырнағыңызбен линзаны бүлдіріп алмауға тырысып, линзаны еппен алыңыз. Тырнағыңыздың шеттері тегіс, қысқа болғаны дұрыс.
5. Саусақпен контейнер қабырғасына жылжытып, линзаны ақырындап блистерден алып шығыңыз. Ол үшін ешқашан іскекті немесе басқа кез келген затты қолданбаңыз.

## ЛИНЗАНЫ ҚОЛДАНУ

Линзаларды шатастырып алмас үшін, линзаны үнемі оң жақ көзден бастап киюді әдетке айналдырыңыз.

Киер алдында линзаны тексеріп алыңыз және онда сызаттардың жоғына және шеттері бүрісіп қалмағанына көз жеткізіңіз. Егер линза зақымдалған сияқты болып көрінсе, оны тастап, қаптамадағы келесі линзаны алыңыз.

Линзаны сұқ саусақтың ұшына қойып, оған жанынан қараңыз. Линза табиғи, дөңес тостаған тәрізді пішінде болуға тиіс. Егер линзаның шеттері сыртқа қарап тұрса, демек линза айналып кеткен. Келесі тәсіл – линзаны бас бармақ пен сұқ саусақ арқылы сәл-пәл қысу, бұл ретте линзаның шеттері ішіне қарап тұруға тиіс.

Егер линза айналып кетсе, шеттері аздап сыртқа бүктеліп тұрады



✓ Дұрыс



✗ Қате

## НЕМЕСЕ

Линзаны сұқ саусақтың ұшына қойыңыз және оған астынан үстіне қарай қарап, 123 деген санды табыңыз

Егер 123 деген санды көріп тұрсаңыз, онда бұл линзаның дұрыс жатқанын білдіреді. Егер санды көріп тұрсаңыз – 321 түрінде көріп тұрсаңыз, онда бұл линзаның сыртына айналып кеткенін білдіреді. Егер линза ішкі бетімен сыртқа айналып кеткен болса (321 көріп тұрсаңыз), линзаны қайта аударып, линзаның дұрыс жатқанына көз жеткізу үшін, санды тексеріңіз.

## Ескертпе

Егер киер алдында линзаны жуу керек болса, тек қана офтальмолог-дәрігер ұсынған жаңа құйылған зарарсыз ерітіндіні пайдаланыңыз.

**БҰЛ МАҚСАТТА ШҮМЕКТЕН АҒЫП ТҰРҒАН СУДЫ ЕШҚАШАН ҚОЛДАНБАҢЫЗ!**

## ЛИНЗАНЫ КӨЗГЕ КИЮ

1. Оң жақ көзден бастау керек екенін есіңізде сақтаңыз. Линзаны қарап шығып, оның сыртына айналып кетпегеніне көз жеткізгеннен кейін, оны сұқ саусағыңыздың ұшына қойыңыз.
2. Дәл сол қолыңыздың ортаңғы саусағын кірпік сызығына жақын төменгі қабаққа қойып, қабақты төменге тартыңыз. қойып, қабақты төмен қарай тартыңыз.





3. Келесі қолдың сұқ және ортаңғы саусағымен үстіңгі қабақты көтеріңіз де, линзаны көз алмасына орналастырыңыз.
4. Қабақты еппен түсіріп, көзіңізді ашып-жұмыңыз.
5. Линзаны сол жақ көзге киген кезде осы тәсілді қайталаңыз. Линза киюдің басқа да тәсілдері бар. Егер жоғарыда сипатталған тәсіл қиын боп жатса, онда көру қабілетін түзетуші маман сізге басқасын ұсынады

## ЛИНЗАНЫ ЦЕНТРЛЕУ

Линза әдетте киіп жатқан кезде мөлдір қабықтың ортасына өзі орналасады және тағу барысында ақ бөлік жағына қарай жылжуы сирек кездеседі. Алайда бұл қате киген кезде немесе линзаны шешу кезінде орын алуы мүмкін. Жанаспалы линзаны центрлеу үшін мына тәсілдердің бірін қолданыңыз:

- a. қабағыңызды жабыңыз және саусақпен уқалап отырып жабық қабақ арқылы линзаны ақырындап орнына жылжытыңыз.

## НЕМЕСЕ

- b. көзді жұмбай, жылжып кеткен линзаны саусақпен төменгі немесе үстіңгі қабақтың шетіне қарай басып отырып, мөлдір қабықтың ортасын ақырындап жылжытыңыз.

## ЕСКЕРТПЕ

Егер линзаны кигеннен кейін анық көрмей тұрсаңыз, бұл мына себептерден туындауы мүмкін:

- Линза мөлдір қабық ортасына орналаспаған. Бұл жағдайда жоғарыда келтірілген нұсқаулықты қолданыңыз.
- Егер линза дұрыс жатса, оны шешіп алып, төмендегі жағдайлардың орын алған-алмағанын тексеріңіз:
  - a. Линза ластанып қалған, мысалы, косметикамен немесе майлы заттармен. Мұндай линзаны тастап, жаңасын киіңіз.
  - b. Линза басқа көзге кигізілген.

- v. Линза сыртына айналып кеткен. Бұл жағдайда біршама жайсыздықты сезінуіңіз мүмкін.

Егер жоғарыда аталған тармақтарды тексергеннен кейін, сіз әлі де дұрыс көрмей тұрсаңыз, линзаны шешіп алып, көр қабілетін түзетуші маманға жүгініңіз

## ЛИНЗА ЖАБЫСЫП ҚАЛҒАНДА (ЕГЕР ЛИНЗА ҚОЗҒАЛЫССЫЗ ҚАЛСА) НЕ ІСТЕУ КЕРЕК

Егер линза көзге жабысып қалса, көру қабілетін түзетуші маман сізге майлаушы немесе ылғалдаушы тамшылар ұсына алады. Бұл құралдар линзаны тағып жүргенде қосымша ылғалдау үшін де сай келеді, бұл қосымша жайлылықты қамтамасыз етеді.



Бірнеше тамшы тамызыңыз және линзаның көздің бетімен еркін жылжуын күтіңіз.

Егер бұл көмектеспесе, ТЕЗ АРАДА дәрігер-офтальмологпен кеңесіңіз.

## ЛИНЗА КЕУІП ҚАЛҒАН КЕЗДЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК (ДЕГИДРАТАЦИЯ)

Егер көзден шешіп алған ACUVUE® линзасы ұзақ уақыт ауа кеңістігінде жатып қалса, оның беті кеуіп қалуы және сынғыш затқа ай- налуы мүмкін. Бұл жағдайда мұндай линзаны тастап, жаңасын қолданыңыз.

## ЛИНЗАНЫ АЛУ

Үнемі алғаш киген линзаны бірінші шешіңіз.

Линзаны шешіп алмай тұрып, қолыңызды мұқият жуып, құрғатып сүртіңіз. «Гигиенаны сақтау» бөлімінде сипатталған гигиена ереже- лерін сақтаңыз.

## Назар аударыңыз!


Линзаны шешер алдында үнемі оның мөлдір қабықтың ортасында тұрғанына көз жеткізіп алыңыз.

Мұны басқа көзді жабу арқылы тексеруге болады. Егер анық көрмей тұрсаңыз, демек линза көздің ақ бөлігіне жылжып кеткен немесе мүлдем түсіп қалған. Линзаны табу үшін, айнаға қарап тұрып, сонымен бірге үстіңгі қабақты жоғарыға тартып отырып, көздің үстіңгі аймағын тексеріңіз. Осыдан соң төменгі қабақты төменге тартып, төменгі аймақты тексеріңіз.

Линзаны тауып алған соң оны шымшу әдісімен немесе офтальмолог ұсынған басқа бір тәсілмен алуыңызға болады.

### Шымшу әдісі

1. Жоғарыға қарап, сұқ саусақпен линзаны төменге, көздің ағына жылжытыңыз.
2. Линзаны сұқ саусақ және бас бармақ арасына ақырындап қысыңыз да, оны алыңыз.



### Линзаларды күту жөніндегі нұсқаулар

Линзаларды ұзақ, қауіпсіз және жайлы пайдалану үшін әрбір шешкеннен кейін көру қабілетін түзетуші маманның нұсқауларын қатаң түрде қолданыңыз. Егер, линзаларды шешіп жатып, оларды қайтадан киюді жоспарлайтын болсаңыз, линзаларды тазалау, жуу, дезинфекциялау және сақтауға қатысты нұсқаулықтарды мұқият оқып шығуыңыз қажет.

Линзаларды күту ережелерін сақтамау **«Жанаспалы линзаларды тағу туралы нені білу қажет»** бөлімінде сипатталған ауыр асқынуларға алып келуі мүмкін.

Линзаларды тазалау және жуу тағып жүрген кезде жинақталып қалуы мүмкін шырышты, іріңді және қалдықты кетіру үшін қажет. Линзаны шешіп алған бетте, дезинфекцияға дейін тазалаңыз және жуыңыз.

Зиянды микроағзаларды линзаларды тазалау, жуу және дезинфекциялау жолымен ғана кетіруге болады.

Тиісті дезинфекция үшін линзаларды сүртіп, көздің ауыр инфекцияларының алдын алу үшін белгілі бір уақыт ішінде нұсқауларға сәйкес шайыңыз.

Офтальмолог-дәрігеріңіз ұсынған күтім бойынша (химиялық, термиялық емес) жүйені қолдану нұсқаулықтарын мұқият қолданыңыз. Түрлі өнімдер үнемі бірге қолданылмауы мүмкін, және де барлық линзалармен қолдану кезінде барлық күту жүйелері бірдей қауіпсіз бола бермейді. Линзаны күту жөніндегі құралдар қаптамасында ол үшін нұсқаулар болмаса, жанаспалы линзаларды күту жөніндегі жүйелерді таңдамалы және араластырмаңыз.

Жанаспалы линзаларды күту үшін пероксид жүйесін қолданған кезде, пероксид жүйесімен бірге жеткізілетін жанаспалы линза контейнерін ғана қолданыңыз. Бұл контейнер ерітіндіні бейтараптандыру үшін арнайы жасалған. Линзаларды сақтауға арналған арнайы контейнерді пайдаланудан бас тарту көздің қатты қышуына, күйіп қалуына немесе зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Егер сутек тотығы негізіндегі жүйені қолданатын болсаңыз, линзаны қосымша бейтараптаушы ерітіндімен өңдеу қажет.

- Линзалармен жасалатын кез келген тәсіл алдында қолды мұқият жуыңыз және сүртіңіз.
- Жарамдылық мерзімі өтпеген ерітіндіні ғана пайдаланыңыз.
- **ЕШҚАШАН** ерітінді таңбасын көру қабілетін түзетуші маманмен кеңеспей ауыстырмаңыз.
- Өңдеудің жылулық әдістері линзаны бүлдіруі мүмкін.
- линзаны **ЕШҚАШАН** қарапайым физиологиялық ерітіндіде сақтамаңыз. Ол көз ауруын тудыруы мүмкін линзаны микробтық ластанудан сақтамайды.
- **ЕШҚАШАН** әдеттегі қатаң жанаспалы линзалар үшін ұсынылған ерітінділерді пайдаланбаңыз.
- Өрдайым жекелеген жаңа ашылмаған ACUVUE® OASYS блистерлерді тікелей күн сәулесінің әсерінен сақтаңыз.
- Өрқашан ашық ACUVUE® OASYS with Transitions™ блистерлерін линзаларға арналған контейнерде тікелей күн сәулесі түспейтіндей етіп сақтаңыз.

- Себебі жанаспалы линза материалының құрамына, 1-кестеде көрсетілгендей, силикон кіреді, кейбір ерітінділер линзаның дымқылдануына кері әсер етуі мүмкін. Көру қабілетін түзетуші маман ACUVUE® линзаларына сай келетін күтім жүйесін ұсынады.
- Егер құрамына консерванттар кірмейтін зарарсыздандырылған ерітіндіні қолданатын болсаңыз, онда ол нұсқаулықта көрсетілген уақыттан кейін лақтырылуға тиіс.
- **ЕШҚАШАН** линзаны сілекеймен немесе майлау мен ылғалдауға арналған ұсынылған ерітінділерден басқа бөгде сұйықтықтармен дымқылдамаңыз.
- Линзаны **ЕШҚАШАН** шүмектегі сумен жумаңыз, себебі онда линзаны зақымдауы немесе ластауы мүмкін және көздің қабынуын не жарақатын тудыруы мүмкін көптеген қоспалар бар.
- Линзаны шатастырып алмас үшін, үнемі алдымен оң жақ линзаны өңдеңіз.
- Әрбір линзаны контейнердің тиісті бөлімшесіне орналастырыңыз және сақтауға арналған ерітіндімен толық жабылғанына көз жеткізіңіз. Егер алынған линзалар ұзақ уақыт ерітіндісіз тұрса, олар кеуіп, сынғыш болып кетуі мүмкін. Мұндай линзаларды лақтыру керек.
- КЕЙІДЕ контейнерде тұрған ерітіндіні қайтадан пайдаланбаңыз.
- Егер линзаларды ұзақ сақтау қажеттігі туындап жатса, көру қабілетін түзетуші маманмен кеңесіңіз.
- Жоспарлы жиі ауыстырылатын линзалар ұсынылған тағу кезеңінен кейін лақтырылуға тиіс.

## ЛИНЗАҒА АРНАЛҒАН КОНТЕЙНЕРДІ КҮТУ

Жанаспалы линзаларды сақтауға арналған контейнерде бактериялар болуы мүмкін, сондықтан да контейнердегі линзаларды кигеннен кейін сұйықтықты тегіп, ұсынылған зарарсыздандырылған ерітінділермен жуу және ауаға кептіріп қою қажет. Контейнерді дайындаушының немесе көру қабілетін түзетуші маманның ұсыныстарына сәйкес, үнемі жаңасына ауыстырып отыру қажет.

## ЛИНЗАЛАРДЫ САҚТАУҒА АРНАЛҒАН КОНТЕЙНЕРДІ ЕШҚАШАН ШҮМЕКТЕГІ СУМЕН ЖУМАҢЫЗ!

### ЖАНАСПАЛЫ ЛИНЗАЛАР ҚОРЫ ТҮГЕСІЛГЕНДЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК

Үнемі жаңа линзалардың жеткілікті қоры болуын қадағалап отыру керек.

Линзасыз қалмас үшін, линзаға тапсырыс беруге және оптика салонынан көру қабілетін түзетуші маманнан тапсырысыңызды алып кетуге уақыт табу керек.

Егер қандай да бір себептермен линзаңыз бітіп қалса, онда көзіл-дірік таға тұрасыз.

Егер тіпті ACUVUE® линзаларын ғана тағуды ұнататын болсаңыз, барлық жанаспалы линзалар пайдаланушылар үшін көзілдірік маңызды сақтық құралы болып қала береді

### «МОНОКӨРУ» ТҮЗЕТУІНЕН ӨТКЕН ПАЦИЕНТКЕ АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚТАР

Егер көру қабілетін түзетуші маман «монокөру» түзетуін ұсынып жатса, мынаны білуіңіз қажет.

«Монокөру» көз көруін жанаспалы түзетудің барлық түрлері сияқты артықшылықтар мен кемшіліктерге ие.

Кей жағдайларда «монокөру» көздің өткірлігін және алыстағы және жақындағы объектілердің тереңдігін қабылдауды төмендетуі мүмкін. Кейбір паци-енттер бұған қиындықпен үйренеді.

Көз алдының аздап бұлдырауы немесе көру өткірлігінің тұрақсыздығы сияқты мұндай симптомдар бейімделу барысының көріністері болып шығып, бірнеше минуттан бірнеше аптаға дейін жалғасуы мүмкін. Мұндай симптомдар қаншалықты ұзақ сақталса, бейімделу жетістігіне жету мүмкіндігі де төмен.

Үйрену кезеңінде жанаспалы линзаларды көруге күш салуды қажет етпейтін әдеттегі жағдайларда тағу ұсынылады.

Мысалы, көз бейім- делгенше, автомобиль жүргізбей қоя тұрған дұрыс.

Кейбір пациенттер көрудің барынша жоғары өткірлігін алу үшін, қажет болған жағдайда линзамен бірге көзілдірік киюге мәжбүр.

- Кейбір пациенттер әлсіз жарық жағдайында, мысалы түнгі уақытта автомобиль жүргізу кезінде, көруді толық түзетуге қол жеткізіп жатады. Бұл жағдайда көру қабілетін түзетуші маман алыстағы объектілерді қарау кезінде екі көздің жақсылап түзетуі үшін қосымша линзалар таңдап алуына болады.
- «Монокөру» түзетуін таңдау туралы шешімді мұқият офтальмологиялық тексеруден кейін ғана қабылдауға болады.
- «Монокөруге» бейімделуді жеңілдету үшін көру қабілетін түзетуші мамантің ұсыныстарын қатаң сақтауға тиіссіз және бейімделу кезеңінде және ол аяқталғаннан кейін пайда болатын кез келген түйткілдер мен қауіптенуге қатысты оған жүгініп отырыңыз.

## БАСҚА ДА МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

### Сақтық шаралары

- Көру қабілетін түзетуші маман бөлмесінен шықтастан бұрын линзаны шешуді үйренгеніңізге көз жеткізіңіз.
- Егер саусағыңыз онша таза болмаса, жанаспалы линзаны ұстамаңыз, себебі линзадағы өте ұсақ сызаттар анық көрмеуге себеп болуы немесе көзіңіздің жарақат алуына әкелуі мүмкін.
- Линзаны зақымдап алудан сақтанып, оны сақтықпен қолданыңыз.
- Көзіңіз қызырып кеткенде немесе тітіркенген жағдайда линзаны тез арада шешіп алыңыз.
- Дәрігерге жанаспалы линза тағатыныңызды міндетті түрде хабарлаңыз.

- Кез келген көзге арналған тамшыны қолданар алдында үнемі офтальмологпен кеңесіп отырыңыз.
- Гистаминге қарсы, тұмауға қарсы, несеп айдайтын құралдар, миорелаксанттар, транквилизаторлар, сонымен қатар бас айналуға қарсы құралдар сияқты кейбір медициналық препараттар көздің құрғауын тудыруы, көзде линзаның болуын сезінуді және көз алдының бұлдырауын тудыруы мүмкін. Осындай симптомдар пай- да болған кезде офтальмолог дәрігермен кеңесіп алуыңыз қажет.
- Көзге химиялық зат түсіп кеткен кезде **ТЕЗ АРАДА КӨЗДІ АҒЫН СУМЕН ЖУЫП, ШҰҒЫЛ ТҮРДЕ КӨРУ ҚАБІЛЕТІН ТҮЗЕТУШІ МАМАНҒА НЕМЕСЕ ЕҢ ЖАҚЫН АУРУХАНАНЫҢ ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ БӨЛІМШЕСІНЕ ЖҮГІНІҢІЗ.**
- Ұрықтануға қарсы пероральді дәрілерді қабылдау көздің көруінде өзгерістер тудыруы немесе пациенттің линзаға төзімділігін нашарлатуы мүмкін. Мұндай жағдайларда офтальмолог дәрігермен кеңесу қажет.
- Жанаспалы линзалардың түрін немесе олардың параметрлерін (мысалы, диаметрін, базалық қисықтығын, оптикалық күшін және т.б.) көру қабілетін түзету жөніндегі маманмен ақылдасусыз өзгертеніңіз.
- Кез келген жанаспалы линзаны пайдаланушының көздің көруін және көз денсаулығының жағдайын тексеру үшін көру қабілетін түзетуші маманға тұрақты түрде барып тұруы қажет.
- Линзаңызды ешқашан да басқаларға таға тұруға бермеңіз. Олар сіздің көзіңізге сізге қажет көруді түзету үшін жеке ерекшеліктеріңізді ескере отырып арнайы таңдап алынған. Түрлі адамдардың жанаспалы линзаларды бірігіп пайдалануы көздің жұқпалы ауруларының даму қаупін бірнеше есе арттырады.
- Көрудің жақсаруы үшін, көздің жайлылығы және денсаулығы үшін ACUVUE® линзасын көру қабілетін түзетуші маманның ұсыныстарына қатаң сәйкестікте тағып жүрген маңызды. Нұсқаулықтар осы брошюрада баяндалған.
- Өзіңіз қаралып жүрген көру қабілетін түзетуші маманға барлық бастан өткен және ағымдағы сырқаттарыңыз жайлы хабарлауға тиіссіз.

Бұл көру қабілетін түзетуші маманның сіздің қажеттіліктеріңізге сәйкес келетін линзалар- ды және күтімге арналған ерітінділерді таңдап беруге көмектеседі.

- Офтальмолог дәрігер ұсынған линзаны тағу мерзімі аяқталғаннан кейін ACUVUE® жанаспалы линзаларын тастап, жаңа зарарсыздандырылған жұпты кию бастау керек.
- Жанаспалы линзаларды тағу кезінде тітіркендіруші булар мен түтіннің әсерінен аулақ жүріңіз.
- Жанаспалы линза пайдаланатыныңыз жайлы жұмыс берушіңізге үнемі хабарлап отырыңыз. Кейбір кәсіптер көз үшін арнайы қорғаныш құралдарын пайдалануды көздейді және жанаспалы линзадан бас тартуды талап етуі мүмкін.
- ACUVUE® OASYS with Transitions™ фотохромды линзаларын тек бір көзге кию ұсынылмайды, өйткені бұл пациенттің заттардың тереңдігі мен орналасқан жерін дәл анықтау қабілетінің бұзылуына әкелуі мүмкін. Бұл сонымен қатар косметикалық проблеманы тудырады.
- Есіңізде болсын, ACUVUE® OASYS with Transitions™ күн шамдары, лазерлер және т.б. сияқты жасанды жарық көздерінен қорғаныш ретінде қолдануға **арналмаған**.
- ACUVUE® OASYS with Transitions™ линзаларында немесе оларсыз тікелей күн көзіне немесе күн сәулесіне ешқашан қарауға болмайды.
- Көз қарашығы бұлдырауы мүмкін 50 жастан асқан адамдарға ACUVUE® OASYS with Transitions™ көмегімен автокөлікті қауіпсіз жүргізу туралы деректер жоқ екенін **ескереңіз**.
- Кез келген мәселе туындаған жағдайда үнемі көру қабілетін түзетуші маманға жүгініңіз.

## КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Өндіруші осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген талаптар сақталған кезде бұйымның мәлімделген сипаттамаларға сәйкестігіне кепілдік береді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Кез келген типтегі жанаспалы линзаларды пайдалану кезінде көруді сақтау және жақсарту мақсатында негізгі ережелерді қатаң түр де сақтаңыз.

- Жанаспалы линзаларды қауіпсіз тағуға қатысты нұсқаулықтарды үнемі сақтап отырыңыз. Көру қабілетін жанаспалы түзетуші маманға тұрақты түрде тексеріліп отыру линза тағудан жақсы нәтиже болуын, көрудің жақсаруын және көз денсаулығын қамтамасыз етуге қажет.
- Гигиена талаптарын қатаң сақтаңыз.
- Линзаны **ЕШҚАШАН** ұсынылған мерзімнен ұзақ тағып жүрмеңіз.
- **ТАЗАЛАУ, ЖУУ ЖӘНЕ ДЕЗИНФЕКЦИЯЛАУДЫ**, егер оны сәлден кейін қайта кимекші болсаңыз, линзаларды шешіп алған сайын үнемі орындап отыру **ҚАЖЕТ**.
- Контейнердегі ерітіндіні **ЕШҚАШАН** қайтадан қолданбаңыз.
- Шешіп алынған линзаға үнемі жаңа ерітінді құйып отырыңыз.
- Көзіңіз қызарған немесе тітіркенген жағдайда, не болмаса көз алды бұлдыраған жағдайда **ТЕЗ АРАДА** линзаны шешіп алыңыз және көру қабілетін жанаспалы түзетуші маманға жүгініңіз.
- Қажет болған жағдайда линзаны шешіп алу мүмкін болатындай көзілдірігіңіз үнемі жаңыңызда болсын. Жанаспалы линза – сіздің көз көруін түзетуші негізгі құралыңыз, ал көзілдірік сенімді сақтық құралы болады.

ACUVUE® маркалы линзаны тағуды бастағанда көп өтпей оның көзілдірік және басқа жанаспалы линзалар алдындағы артықшылығын кезінесіз.

Линза тағудың барынша жайлылығын сезініп, көру жақсару үшін осы брошюрада баяндалған ережелерді сақтау аса маңызды.

## ЖАҒЫМСЫЗ РЕАКЦИЯЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ

ACUVUE® жанаспалы линзасын тағу кезінде кез келген жағымсыз реакция байқалған кезде бұл туралы тез арада көру қабілетін жанаспалы түзетуші маманға хабарлаңыз, ол жағдайды тікелей Көру

## СІЗГЕ АРНАЛҒАН РЕЦЕПТ

ACUVUE® жанаспалы линзалары

### Оң жақ көзге арналған линза

Оптикалық күш және базалық қисықтық

### Сол жақ көзге арналған линза

Оптикалық күш және базалық қисықтық

КӨРУ ҚАБІЛЕТІН ЖАНАСПАЛЫ ТҮЗЕТУШІ МАМАННЫҢ НҰСҚА-УЫНА СӘЙКЕС, ЖАНАСПАЛЫ ЛИНЗАЛАРДЫ УАҚЫТЫНДА ЖАҒАСЫНА АУЫСТЫРЫП ОТЫРУ КЕРЕК.

### Линзаларды күту бойынша ұсынылған жүйе

Сұрақтар немесе қауіптену туындаған жағдайда көру қабілетін түзетуші маманға жүгініңіз.

Көру қабілетін жанаспалы түзетуші маманның мекенжайы мен телефоны:

Көру қабілетін жанаспалы түзетуші маманға тұрақты тексеріліп отыру көздің жақ- сы көруін және көз денсаулығын сақтау үшін маңызды мәнге ие.

Келесі келетін уақытыңыз:

1	<input type="text"/>	2	<input type="text"/>	3	<input type="text"/>
4	<input type="text"/>	5	<input type="text"/>	6	<input type="text"/>

## Өндірісі:

Дайындаушысын қаптамадан қараңыз.



Johnson & Johnson Vision Care Inc.  
7500 Centurion Parkway Jacksonville  
Florida  
32256  
USA

## IRELAND

Johnson & Johnson Vision Care (Ireland)  
The National Technology Park  
Limerick  
Ireland

Еуропа одағы аумағындағы Уәкілетті өкіл

AMO Ireland  
Block B, Liffey Valley Office  
Campus  
Quarryvale, Co. Dublin,  
Ireland

[www.acuvuekz.com](http://www.acuvuekz.com)



PIG000574

Пациентке арналған нұсқаулық.  
Күндіз және ұзақ тағуға арналған  
жоспарлы түрде жиі ауыстырылатын  
жанаспалы линзалар (қаз.)  
PIG000574

«СПЕКТРУМ ВИЖН» ЖШС, 050050,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Райымбек даңғ., 169 А  
**ACUVUE® тікелей байланыс желісі – 8 800 100 03 09**  
**(Ресей ішінде қоңырау шалу тегін).**

«СПЕКТРУМ ВИЖН» ЖШС. Тауар сертификатталған. MEMCT 31586-2012. Тірк. куәл.  
ACUVUE OASYS® with\* Hydraclear® Plus\*\* – ҚР-ММБ-5N®000562 және ҚР-ММБ-5N®000558,  
ACUVUE OASYS® for Astigmatism\*\*\* – ҚР-ММБ-5N®014850 және ҚР-ММБ-5N®011096,  
ACUVUE® OASYS with Transitions™ - 04.05.2025 дейінгі ҚР-ММБ-5N®020473 ACUVUE® 2 –  
ҚР-ММБ-5N®000556, ҚР-ММБ-5N®000561.

ACUVUE®, ACUVUE® 2, ACUVUE OASYS®, HYDRACLEAR®  
Janssen Pharmaceutica NV тіркелген тауар белгілері болып табылады.  
\*Технология \*\*Гидролюкс \*\*\*Астигматизмге арналған

ҚАРСЫ КӨРСЕТІЛІМДЕРІ БАР,  
МАМАНМЕН КЕҢЕСІҢІЗ

Жаңартылған күн: 2021 жылғы наурыз

LB2021MLT4048